

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Төре балабақшасы» ЖШС

Топ: кіші жас тобы «Көбелек»

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Қаңтар	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).
--------	----------------	--

	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. - заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
--	-----------------	---

	Көркем әдебиет	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін
--	-----------------------------------	--

	Құрастыру	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, күмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.

	Мүсіндеу	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.
	Жапсыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - желімсіз жапсыру техникасын игеру; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.

	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән тыңдау. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.
--	--------	--